

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 28 сәуірде жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Р.В. Склярға**

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Біздің депутаттық сауалымыздың себебі Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің орнықты даму жөніндегі ұлттық саясат аясында биологиялық әртүрлілікті сақтау саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды қамтамасыз етуінің мәселелеріндегі шешілмеген түйіндер болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму мәселелері қазақстандық күн тәртібіндегі бірінші орынға шыққанын және биологиялық әртүрлілікті сақтау мен ұтымды пайдаланудың ұзақ мерзімді жоспарын бекіту қажеттігі туындағанын атап өтті.

Мемлекет басшысының бұл тапсырмасы өзекті болып табылады, өйткені 2000 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын дамыту мен орналастыру тұжырымдамасы 2011 жылы күшін жойды, ал табиғи экожүйелерді сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған соңғы «Жасыл даму» салалық бағдарламасы 2014 жылы аяқталды.

Парламенттің 2016 жылғы қарашада Қазақстан Республикасында биоалуантүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану жөніндегі 2030 жылға дейінгі тұжырымдаманы қабылдау қажеттігі туралы Парламенттік тыңдауының ҚР Үкіметіне жолдаған ұсыныстарына, сондай-ақ 2019 жылы маусымда өткен

Үкімет сағатының қорытындылары бойынша жасалған ұсыныстарына қарамастан, экономиканың орман секторында қазіргі уақытта секторлық және сектораралық деңгейлерде биологиялық ресурстарды сақтау және орнықты пайдалану мәселелерін кешенді шешуді көздейтін бекітілген стратегиялық та, бағдарламалық да құжат жоқ.

Нәтижесінде елде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту, оларды басқару жүйесін күшейту, табиғат қорғау, ғылыми және туристік-рекреациялық қызмет бойынша бекітілген ұзақ мерзімді нысаналы көрсеткіштер жоқ. Ал орман шаруашылығы ормандарды күзету мен қорғау, орманды қалпына келтіру және жеке орман шаруашылығын дамыту саласында тиімді практикалық әрекеттерді көздейтін барабар шаралар қабылдауды қажет етеді.

Мемлекет басшысының орман қорында 2 миллиардтан астам және елді мекендерде 15 миллионнан астам ағаш отырғызу туралы тапсырмасы белгілі бір жолмен орманды қалпына келтіру және орман өсіру саласындағы проблемаларды ашты және бұл негізгі бөлігі бүгінгі күннің талаптарына сай келмейтін орман питомниктерін қалпына келтіру және нығайту қажеттілігіне айтарлықтай әсер етеді деп ойлаймыз.

Құрметті Роман Васильевич!

Ұзақ мерзімді тұжырымдама негізінде биологиялық ресурстарды жоспарлау және басқару мәселелері 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасы тарапы болып табылатын биологиялық әртүрлілік туралы Конвенцияның 6-бабында регламенттеледі. 2015 жылға қарай осы Конвенцияның мүшесі болып табылатын барлық елдер биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді стратегияларды қабылдады. Қазақстан Республикасына келетін болсақ, бүгінгі таңда біздің республикамыз 196 елдің ішінде биологиялық әртүрлілік бойынша ұзақ мерзімді стратегиясы жоқ 21 елдің тізімінде тұр.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі желісі бойынша ұсынылатын мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі аясында салаларды дамыту тұжырымдамаларын енгізу жоғарыда көрсетілген халықаралық нормаларға сәйкес келеді, онда экономиканың барлық салалары бойынша пайымдар мен мақсаттар көрсетілетін болады және жобалық тәсілді енгізу үшін арқау болады. Бұл ұлттық жобаларды әзірлеу үшін алдымен Тұжырымдаманы қабылдау қажеттілігі бар екенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып, келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз:

1. Орман шаруашылығы мен жануарлар әлемінің ұзақ мерзімді даму индикаторларымен 2030 жылға дейін Қазақстанда биоалуантүрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану тұжырымдамасын әзірлеу және бекіту бойынша қандай шаралар қабылданды?

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту, Қазақстан Республикасының биоалуантүрлілігін сақтау және орнықты пайдалану бағдарламасы бекітілді ме?

3. Президент Қ.К. Тоқаевтың орман қорында 2 млрд. ағаш және елді мекендерде 15 млн. ағаш отырғызуға қатысты жоғарыда аталған тапсырмасын орындау бойынша қандай дайындық іс-шаралары жүргізілуде?

Депутаттық сауалды қарауды және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен,

**Парламент Мәжілісіне
Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттар**

**«Nur Otan» партиясы фракциясының
депутаттары**

**И. Буларов
С. Абдрахманов
А. Амирханян
Н. Дементьева
Ю. Ли
В. Набиев
Ш. Осин
В. Тохтасунов
А. Хамедов**

**Е. Абақанов
М.Ахметов
Ғ. Елеуов
Ғ.Ташқараев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 ___ жылғы « ___ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламентта

« ___ » _____ 20 ___ года

Оглашен 28 апреля 2021 года

**Заместителю Премьер-Министра
Республики Казахстан
Скляру Р.В.**

Депутатский запрос

Уважаемый Роман Васильевич!

Поводом для нашего депутатского запроса являются вопросы обеспечения Министерством экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан стратегических и программных документов в области сохранения биологического разнообразия в рамках национальной политики по устойчивому развитию.

В своем Послании народу Казахстана от 2 сентября 2020 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что вопросы охраны окружающей среды и экологического развития выходят на первый план казахстанской повестки дня и существует необходимость утверждения долгосрочного плана сохранения и рационального использования биологического разнообразия.

Данное поручение Главы государства является актуальным, так как одобренная Правительством Республики Казахстан в 2000 году Концепция развития и размещения особо охраняемых природных территорий Республики Казахстан утратила силу в 2011 году, а последняя отраслевая программа «Жасыл даму», направленная, в том числе на сохранение и восстановление природных экосистем, была завершена еще в 2014 году.

Так, несмотря на рекомендации Парламента по итогам Парламентских слушаний в адрес Правительства РК в ноябре 2016 года и Правительственного

часа в июне 2019 года о необходимости принятия Концепции по сохранению и устойчивому использованию биоразнообразия в Республике Казахстан до 2030 года, лесной сектор экономики до сих пор не имеет утвержденного ни стратегического, ни программного документа, предусматривающего комплексное решение вопросов сохранения и устойчивого использования биологических ресурсов на секторальном и межсекторальном уровнях.

Но в результате в стране нет утвержденных долгосрочных целевых показателей по развитию системы особо охраняемых природных территорий, усилению системы их менеджмента, природоохранной, научной и туристско-рекреационной деятельности. Ведь лесное хозяйство нуждается в принятии адекватных мер, предусматривающих эффективные усилия в области охраны и защиты лесов, лесовосстановления и развития частного лесного хозяйства.

Поручение Главы государства по посадке более 2 миллиардов деревьев в лесном фонде и 15 миллионов – в населенных пунктах определенным образом обнажило проблемы в области лесовосстановления и лесоразведения, что, как мы полагаем, окажет существенное влияние на необходимость восстановления и укрепления лесных питомников, основная часть которых не отвечает требованиям сегодняшнего дня.

Уважаемый Роман Васильевич!

Вопросы планирования и управления биологическими ресурсами на основе долгосрочной концепции регламентируются статьей 6 Конвенции о биологическом разнообразии, стороной которой является Республика Казахстан с 1994 года. К 2015 году все страны, которые являются членами этой конвенции, приняли долгосрочные стратегии по сохранению и устойчивому использованию биологического разнообразия. Что касается Республики Казахстан, то на сегодняшний день наша республика находится в списке 21 страны из 196 стран, не имеющих долгосрочной стратегии по биологическому разнообразию.

Внедрение концепций развития отраслей в рамках новой Системы государственного планирования, предлагаемой по линии Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, согласуется с вышеуказанными международными нормами, где будут отображены видение и цели по всем отраслям экономики и станут базисом для внедрения проектного подхода. Это свидетельствует о том, что для разработки национальных проектов существует необходимость принятия концепции.

С учётом изложенных проблем, просим ответить на следующие вопросы:

1. Какие приняты меры по разработке и утверждению Концепции по сохранению и устойчивому использованию биоразнообразия в Казахстане до 2030 года, с индикаторами долгосрочного развития лесного хозяйства и животного мира?

2. Утверждена ли Программа развития системы особо охраняемых природных территорий, сохранения и устойчивого использования биоразнообразия Республики Казахстан?

3. Какие подготовительные мероприятия проводятся по исполнению поручения Президента К.К. Токаева касательно посадки 2 млрд. деревьев в лесном фонде и 15 млн. деревьев в населенных пунктах?

Просим рассмотреть депутатский запрос и о принятых мерах предоставить письменный ответ в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан.

**С уважением,
депутаты от
Ассамблеи народа Казахстана**

**И. Буларов
С. Абдрахманов
А. Амирханян
Н. Дементьева
Ю. Ли
В. Набиев
Ш. Осин
В. Тохтасунов
А. Хамедов**

Фракции партии «Nur Otan»

**Е. Абаканов
М. Ахметов
Г. Елеуов
Г. Ташкараев**

*Исп. Байжанова А.С.,
74-67-55*